

«Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді үйретумен қатар балаларға патриоттық тәрбие беру»

Қазақ тілі мұғалімі Брахметова С.М.

Қазақстан Республикасы дербес мемлекет болғаннан кейін жасөспірім буынға дұрыс тәрбие беру, олардың патриоттық сезімін ояту, елге қызмет етуге, мемлекеттің іргесін нығайтуға, тілдің дәрежесін көтеру біздің негізгі мақсатымыз. Сондықтан тіл тағдырына терең қарап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшамызда жақсы іске асырылуда. Жұмысымыздың ең басты мақсаты: Қазақ тілінде сөйлесуге, тілді құрметтеуге, сүйіспеншілікке, достыққа, жолдастыққа тәрбиелеу.

Кез келген халықтың ұлттық қазынасы - тіл болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Тіл ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы, баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар бұлағы. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрі, сана сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру - баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Кішкентай бүлдіршіндерге балабақша қабырғасынан бастап тіл үйренудің маңызы зор. Әсіресе өзге ұлт өкілдерінің балаларын екінші тілге үйрету күрделі жұмыс. Қазақ тілінде сөйлеуде балалардың тілі тез даму үшін оны қоршаған адамдар да осы тілде сөйлесіп араласуы қажет. Мектеп жасына дейінгі көрген-білгендерін қарапайым түрде әңгімелейді немесе көмекші сұраққа бір сөзбен жауап береді.

Сонымен қатар, тілді үйренумен бірге балалаға патриоттық сезімдерді ояту да қазақ тілі мұғалімінің бір мақсаты деп айтуға болады. **Патриоттық сезімге:** туған өлкесін, Отанын сүйуге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады. Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау, өтінішін ізеттілікпен білдіру әдеті.

Баланың бойында адамгершілік патриоттық тәрбиені қалыптастырудың негізгі міндеттері мына бағыттармен түйінделеді:

-ізгілік бастамасымен тәрбиелеу;

-өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау;

- табиғатқа қамқорлықпен қарау;
 - еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу;
 - қазақ халқының салт-дәстүріне қызғушылықпен қарау;
 - мемлекеттік рәміздермен таныстыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
- Сондай-ақ, қазақ тілі мұғалімдері балалармен тақырыптық сабақтар өткіземіз, Отан туралы, туған жер туралы тақпақ-өлеңдер жаттатып, әңгімелеу арқылы бала бойына елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырады. Еліміздің төл мерекелеріне балабақшада ертеңгіліктер өткізіп тойлайды.



(Балаларды ұлттық ойынды ойнауға тәрбиелеу)

Осы сабақтар, ертеңгіліктерді өткізуге қазақ тілі мұғалімі, ата-аналар белсене қатысып, өз үлестерін қосады. Балаларды адамгершілік-патриоттық сезімге тәрбиелеуде балабақша мен мектептің, кітапханалар мен мұражайлардың сабақтастығыда әсерін тигізеді.



(№40 бөбекжай –балабақша ата –аналарының Қазақстан Республикасы Халықтарының Тілдер күні мерекесіне қатысуы)